

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет түрі: Шебер қолдар

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды дөңгелектеу, қысу, есу, шымшу әдістерін пайдаланып, мүсіндеуге үйрету. Саусак қимылдарын дамыту. Балаларды өз жұмыстарының мазмұнын ойластыруға үйрету бейнелеу үшін пішіні мен түсті лайық қағаздың кішкентай бөліктерін іріктеу. Қағаз бетін дұрыс бағдарлауды, желімдеу жұмыстарын ұқыпты жасауға тәрбиелеу.

Ай аттары	Тақырыптары	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
Қыркүйек	«Біздің үй»	Сәулет өнері туралы түсінік беру геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып үйдің бөлшектерін сюжетті жапсыруға үйрету, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу.	1	
	«Мүсін өнері»	Кесек саз балшықтан адам бейнесін мүсіндей білудің әдіс-тәсілдерін меңгерту. Мүсіндеу дағдыларын жетілдіру, бейненің сипатын айқын бере білуге бағыт беру. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	1	
	«Менің сүйікті ойыншығым»	Балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарының аттарын атай отырып, сипаттауға және оларды ұқыпты қарай білуге баулу; өз ойыншықтары туралы әңгімелесу; балаларға қиюдың түрлі тәсілдерін меңгерту; қағазды қию тәсілдерін меңгерту.	1	
	«Дастарқанды жаяйық»	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (өздігінен ыдыстарды таңдап алу және оны әшекейлеу үшін ою-өрнектер ойлап табу). Өздерінің қалыптасқан іскерлік дағдыларын жаңа затты мүсіндеуде пайдалану. Қазақтың ұлттық ыдыстары туралы балалардың түсініктерін кеңейту.	1	
Қазан	«Құмырадағы гүл»	Қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне жаттықтыру; затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру; қол бұлшық еттерін дамыту; математикалық ұғымдарын бекіту; сұлулықты сезіне білуге, әсемдікке тәрбиелеу.	1	
	«Ермексаздар спектаклі» (ұжымдық жұмыс)	Балалардың мазмұнды мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Мазмұнды өз еркімен ойлап, оны өздігінен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің ерекше сипатын көрсете білуді үйрету.	1	

	«Көшедегі үйлер»	Ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастыру, көп қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету. Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту.	1	
	«Күз сыйы»	Мүсіндеуге арналған құрал-жабдықтармен таныстыру (саз балшық, ермексаз, иленген қамыр). Қарапайым заттардың пішінін жасаудың әдіс-тәсілдерін меңгерту. Кесек саз балшықты немесе ермексазды алақан арасына салып айналдыра домалақтау немесе тақтайшаға салып көлденеңінен есіп ырғақты қимыл-қозғалыспен дұрыс мүсіндей білуге үйрету.	1	
Қараша	«Қуыршаққа арналған киім»	Балаларды ойыншық қуыршақтың киімін киюға үйретуді жалғастыру; қол-қимыл қозғалыстарын дамыту; ән салу қабілеттерін арттыру; талғампаздыққа, өнерлі болуға ұмтылуға тәрбиелеу.	1	
	«Жемістер мен көкөністерден натюрморт»	Балалардың өздеріне таныс заттарды мүсіндей отырып, оларды біртұтас мазмұнға біріктіру. Заттардың пішінін таяқшалармен, штамптармен бедерлеп мүсіндеу. Композиция құру іскерліктерін дамыту. Жемістер мен көкөністерді мүсіндеу дағдыларын бекіту.	1	
	«Қайындағы құстың ұясы»	Балалардың құстар және олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; құстың ұясын және оның жеке бөліктерін қиып, жапсыруды меңгеру; кию тәсілдерін жетілдіру, шығармашылыққа қабілеттерін арттыру; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	
	«Геометриялық пішіндер»	Балалардың жалпақ және көлемді геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту. Оларды салыстыра білуге, ұқсастықтары мен айырмашылықтарына талдау жасауға қызығушылықтарын дамыту; мүсіндеу іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	1	
Желтоқсан	«Домбыра»	Қолданып ұлттық ою-өрнек элементтерін домбыра жасай білуге үйрету; үйлесімді сәндеуге дағдыландыру; бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қиып білуді жалғастыру; қол қимылдарын жаттықтыру; өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.	1	
	«Санырауқұлақты алаң»	Балаларды өздеріне таныс бірнеше бөліктен тұратын заттарды мүсіндеуге дағдыландыру; оларды мазмұн бере біріктіріп, ұжымдық жұмыстың нәтижесіне жетуге қызығушылығын арттыру.	1	
	«Бәйтерек»	Дәнді дақылдарды пайдалана отырып,		

		бәйтеректі безендіруге үйрету. Дақылдар мен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.	1	
	«Өрнекті кесе»	Кесені белгілі бір рет мүсіндеуді үйрету (кесек ермексазды алақан арасына салып домалақтау, оны басып- жаншу арқылы жалпақтау, ішіне қарай бүгу).	1	
Қаңтар	«Бөлме гүлі»	Балаларға бөлмеде өсірілетін гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту; екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы киюға үйрету, қайшыны дұрыс ұстауға затты ұқыпты киюға жетілдіру; бөлме гүлдерін күтіп-баптауға тәрбиелеу.	1	
	«Қазақстандағы жануарлар- қошақандар»	Балаларға бірнеше бөліктерден тұратын заттардың бейнесін мүсіндеу; олардың қатынасын сақтай білу дағдыларын қалыптастыру; өз туған өлкесіне қызығушылығын арттыру; жануарларға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	1	
	«Көгершін оригами»	Балаларды қағазбен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру. Бүктеу, кию жолдарын еркін меңгертуге бағыттау.	1	
	«Қар домалатқан қыз»	Қысқы киім киген адамның бейнесін қарапайым қимыл-қозғалыста мүсіндей білуге үйрету. Дене бөліктерін бір-біріне берік орналастыра білуге, таяқшаларды пайдаланып, киімдерін әшекейлеуге және тұғырға орналастыра білуге дағдыландыру. Ұқыпты жұмыс істеуге, еңбек ете білуге тәрбиелеу.	1	
Ақпан	«Бұлттар»	Балаларға қолмен жырту әдісін үйрету; қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; шығармашылық қабілеттерін дамыту; табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.	1	
	«Теңіздегі жел айдаған қайық»	Сурет бойынша әңгімелей отырып, оның мазмұнын композиция құрау мүсіндеудің жана әдіс-тәсілдерімен таныстыру; түстерді араластырып айқындау (су, аспан). Сурет салу техникасын қолдануда балалардың өздері таңдап алуына мүмкіндік жасау.	1	
	«Көлік»	Көлік туралы жалпы түсінік беру; заттың өзгешелігін түсіндіру; таныс әдіс- тәсілдерді қолдану; геометриялық түрлі пішіндерді киюға ептіліктерін, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін дамыту; жолда жүру ережелерін сақтап, абай болуға тәрбиелеу.	1	
	«Біздің ғарышкерлер»	Адамның бейнесін мүсіндеуді жетілдіруді мүсіндеудің ең оңай, тиімді әдіс-тәсілдерін көрсету; ұзынша келген цилиндр тәрізді пішіннен созып, басын жасауға қажетті бөлікті шығарып алу аяқтарын жасау үшін төменгі бөлігін ортасына дейін таяқшамен кесіп, бөліп	1	

		алу, тегістеу.		
Наурыз	«Орамалды әшекейле»	Түстерді сәйкестендіріп сәндеу техникасы бойынша бұйымдарды әшекейлеуді үйрету. Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; ұқыпты жапсыруға үйрету; ұсақ саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу.	1	
	«Алдаркөсе»	Адамның бейнесін мүсіндеуді бекіту қазақ ертегісінің бейнесін мүсіндей білуге үйрету; бет бейнесін келтіру үшін таяқшаларды пайдалана білуге жаттықтыру; ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру.	1	
	«Әжемнің камзолы»	Сәнді қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтеріне жапсыруда қолдана білуді үйрету; сауск кимылдарын дамыту; қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастырып; ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге тәрбиелеу.	1	
	«Картина бойынша кескінді жина»	Ойлаған бейненің негізін сызбамен мүсіндеу. Балаларда құрастырмалы мүсіндеу дағдысын бекіту. Ой-өрісін дамытып, қиялын арттыру.	1	
Сәуір	«Құмырадағы гүл»	Қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне жаттықтыру; затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру; қол бұлшық еттерін дамыту; сұлулықты сезінуге, әсемділікке тәрбиелеу.	1	
	«Қымыз құятын тостаған және ожау»	Балаларды қазақтың сәнді-қолданбалы өнерімен таныстыру. Қымыз құятын тостаған мен ожауды таныстыру; Ұлттық ыдыстардың ерекшелігіне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін түсіндіру; ою-өрнекпен әшекейлеу.	1	
	«Көбелектер»	Көбелектің басты белгілері, өмір сүру ортасы, сыртқы құрылысы ерекшеліктері туралы түсінік беру; ұжым болып жапсыру жұмысын дұрыс ұйымдастыруға дағдыландыру; қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдаланып, түстерді бір-бірімен жүйелі сәйкестікпен желімдеуге үйрету; табиғатты сүйуге, оны аялауға тәрбиелеу.	1	
	«Құмыра»	Ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту, құмыраны мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету. Ермексазды илеу, созу, пішінге келтіру тәсілдерін жетілдіру. Тілдерін дамыту.	1	
Мамыр	«Достық мерекесі»	Балалардың Қазақстан көпұлтты мемлекет екендігі туралы білімдерін кеңейту; әр халықтың мәдениеті мен әдет-ғұрыпына қызығушылықтарын арттыру; жапсыру құралдарын ұқыпты қолдануға, жұмысты аяғына дейін шыдамдылықпен орындауға үйрету.	1	

	«Ғарыш айлағы. (космодром). Ұжымдық жұмыс»	Мазмұнды композиция құру, құрастырмалы және аралас (конструктивті, комбинированный) әдіс-тәсілдерімен белгілі бір затты мүсіндей білуді жалғастыру; ғарыш кемесін мүсіндеу үшін цилиндр тәрізді пішіндерді пайдалану оны толықтыру және спутник жасау үшін шар тәрізді пішіндермен толықтыру.	1	
	«Жайлауда»	Балаларға жайлаудың табиғаты, киіз үй туралы түсінік беру; жайлау туралы ұғымдарын кеңейту; шығармашылық қабілеттерін, сөздік қорын дамыту; бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.	1	
	«Сырғалар»	Балаларды қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдарымен таныстыру. Таяқшаның көмегімен тұзды қамырдан сырғаларды мүсіндеуді үйрету. Дайындалған сырғаны ою-өрнектермен әшекейлеу. Зергерлік бұйымдардың әсемдігін сезіне отырып көркемдік тәрбие беру.	1	
Барлығы:			36	